

СЕГОДНЯ МЕНЯЮТСЯ МНОГИЕ ТРАДИЦИОННЫЕ МАРШРУТЫ ПЕРЕВОЗОК. И, КОНЕЧНО, НАШИМ ГРУЗОТРАНСПОРТНИКАМ ТЯЖЕЛО БЫСТРО НАЙТИ РЫНКИ СБЫТА И ПУТИ ДОСТАВКИ СВОИХ ТОВАРОВ С ВОСТОКА НА ЗАПАД И НАОБОРОТ. ПОЭТОМУ ПЕРЕД ҚТЖ СТОИТ ЗАДАЧА – РАЗВИВАТЬ ЛОГИСТИКУ И ИСКАТЬ НОВЫЕ АЛЬТЕРНАТИВНЫЕ ПУТИ.

Канат АЛМАГАМБЕТОВ,
заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ»



№64 (2779)
16/08/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ПОЗАБОТИТЬСЯ О ТЕПЛЕ

В Министерстве индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан, на площадке «Ашық сағат алаңы», обсудили вопросы подготовки к предстоящему отопительному сезону. В совещании приняли участие представители АО «НК «ҚТЖ», местных исполнительных органов, бизнеса, специалисты угледобывающих предприятий.

Асель ШАЙХЫНОВА
Нур-Султан

Организация перевозок социально значимых грузов находится на особом контроле в АО «НК «ҚТЖ». Так, по итогам семи месяцев этого года погрузка каменного угля составила 62 миллиона тонн, что на 4,6% выше уровня прошлого года. Из них внутри страны – 42,4 миллиона тонн.

Национальным перевозчиком всегда принимаются все необходимые меры для бесперебойной поставки твердого

топлива на нужды комбьта и населения. Все возникающие вопросы решаются оперативно – задачи по своевременной доставке угля на станции назначения, а также подаче вагонов, организации выгрузки, возврату порожних вагонов на станцию погрузки и другое.

По словам руководителя управления черной металлургии и угольной промышленности МИИР РК Жаната Игисина, подготовка к предстоящему отопительному сезону началась в марте текущего года. Министерством был сформирован план потребности угля

на 2022-2023 годы в разрезе областей и городов республиканского значения. Также была разработана Дорожная карта, которая предусматривает предварительную подготовку угля для бюджетных организаций и населения.

Как отметил спикер, акиматами слабо ведется работа по заблаговременному обеспечению углем. В этой связи местным исполнительным органам рекомендовано завершить работы по заготовке угля, а также усилить контроль неправомерного увеличения цены на уголь. Кроме того, проводится раз-

яснительная работа среди населения о пунктах продажи и наличии угля, а также о заблаговременной покупке угля.

Следует отметить, что по итогам шести месяцев 2022 года угледобывающими компаниями страны добыто 56 миллионов тонн угля. Это на 3,5% больше, чем за аналогичный период прошлого года.

Резюмируя встречу, представитель министерства акцентировал внимание на том, что для исключения дефицита в пиковый период необходимо активно взаимодействовать с поставщиками угля.

Напомним, что в целях обсуждения рассмотренных планов и решений в МИИР РК запустили в работу открытую диалоговую площадку «Ашық сағат алаңы». Проект инициирован министром Каирбеком Ускенбаевым в качестве шага по реализации концепции «Слышащего государства».

Фото Александра ЖАБЧУКА

МАЗУТ ЭКСПОРТЫ АРТТЫ

Қазақстан Грузия арқылы мазут экспортын 100 есеге арттырды. Теміржол тасымалымен жеткізілген жүк әрі қарай Батуми мен Поти порттары арқылы шет елдерге жөнелтіледі.

Биыл алғашқы жарты жылда ресейлік Новороссийск, Таганрог, Азов және Кавказ порттары бағытында қазақстандық мазут экспорты былтырғы 194,7 мың тоннадан биылғы 54,5 мың тоннаға дейін азайды. Мазут отыны енді грузин порттарына қарай бағытталды. Грузияның Батуми және Поти терминалдары қазақстандық өнімнің 43 пайызына дейінгі көлемін тиеуді қамтамасыз етуде.

Сауда компаниялары экспортқа мазут жөнелтуде аздаған көлік шығындары мен порт ауданындағы іркілістерге қарамастан осы бағытты әрі қарай да жалғастырмақ ниетте. Өнімді Грузия порттары арқылы жаппай жөнелту Батуми терминалы мен Ялама-Самур шекара өткелінің жүктемесін айтарлықтай арттырған, сәуір айының соңында Батуми аумағында 300-400 цистерна жиналып қалған. Әзірбайжан мен Грузияда портқа бағытталған 1 мың вагон тұрып қалған. Дегенмен мамыр айының соңында цистерналар кептелісін жоюға мүмкіндік болған. Ал шілде айында Қазақстан мазутының 198 мың тоннасын Батуми және Кулеви порттарына тасымалдау жоспарланған.

Ұлан ОРАЗ



Данияр НҰРҚАСЫМОВ,
Алтынкөл станциясы бастығының логистика жөніндегі орынбасары:

БҮГІНГІ ТАҢДА СТАНЦИЯДАҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ БІРІ – КОНТЕЙНЕРЛІК ПОЙЫЗДАРМЕН ЖҰМЫС. БҰЛ РЕТТЕ «ЕСІКТЕН ЕСІККЕ» ҚАҒИДАТЫ АРҚЫЛЫ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛЕТІНДІК-ТЕН КЛИЕНТТЕР ҮШІН ҚОЛАЙЛЫЛЫҚТЫ, ЖҮКТЕРДІҢ САҚТАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕ ОТЫРЫП, ЖҮКТЕРДІ ҚЫСҚА МЕРЗІМДЕ МЕЖЕЛІ ЖЕРІНЕ ЖЕТКІЗУГЕ МҮМКІНДІК ЖАСАЛУДА

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІҢ БІРІКТІРІЛГЕН ЖҮЙЕСІ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫН КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ

98

ПАЙЫЗЫ ПАЙДАЛАНАДЫ.

«ЖӘРДЕМ» ЖӘНЕ «САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН» МЕДИЦИНАЛЫҚ ПОЙЫЗДАРЫ САПАРҒА ШЫҚҚАН ЕКІ АЙДА

20 000

АСТАМ АДАМДЫ ҚАБЫЛДАП ҮЛГЕРГЕН.

БИЫЛҒЫ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТА ПОЙЫЗҒА БИЛЕТ АЛУ БОЙЫНША «КҮТУ ПАРАҒЫН»

196 494

АДАМ ПАЙДАЛАҢАН.

Әлеумет

МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Өткен аптада «Қазақстандық салалық темір жол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі мен Мақат кенті әкімшілігі арасында теміржолшылар мен отбасы мүшелерінің денешынықтыру-сауықтыру жұмыстарын жақсарту бойынша екі жақты меморандум жасақталып, оған Мақат кентінің әкімі Е.Ермағамбетов пен «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы О.Ахметбаев қол қойды.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау – Мақат

Атырау облысының Мақат ауданында теміржолшылар көп қоныстанған. Тоғыз жолдың торабында орналасқан Мақат тораптық станциясында барлық құрылымдық кәсіпорындар бар. Сондықтан теміржол жергілікті халықтың негізгі күнкөріс көзіне айналған.

Шараға Атырау жүк тасымалы мен магистральдық желі бөлімшесінің, Мақат ауданы әкімдігінің басшылары, кәсіподақ өкілдері, кент тұрғындары мен теміржолшылар қатысты. Екі жақты меморандумның мақсаты – теміржолшылар мен олардың отбасы мүшелері және Мақат кенті тұрғындары арасында спорт инфрақұрылымын дамытып, тұрғындардың бұқаралық спортқа қолжетімділігін жақсарту.

– Меморандум аясында Мақат кентінің Локомотив шағын ауданынан жер телімі бөлініп, ашық шағын футбол алаңын салу ұйғарылып отыр. Тапсырыс беруші – «Қазақстандық салалық темір жол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі. Орындаушы – «Атырау теміржол жылу» ЖШС. Мақат тұрғындары үшін өте маңызды мәдени нысанға айналғалы тұрған футбол



алаңының ертерек ашылғанына бәріміз мүдделіміз. Халық қолдап-қуаттап жатыр. Сондықтан іске сәт! – деді аудан әкімінің міндетін атқарушы Бекәділ Жайқин.

Шара барысында тапсырысты орындаушы мекеме өкілдері құрылыс нысанының қандай материалдан, қалай, қашан жасалатынын слайдтар арқылы көрсетіп, түсіндірді. Айта кетерлігі, «Атырау теміржол жылу» серіктестігінің шағын футбол алаңын салуда бұрыннан тәжірибесі бар, облыс көлемінде осындай 4 алаң құрылысын жүргізген. Құрылыс аяқталған соң нысан Мақат кенті әкімдігінің теңгеріміне өтеді,

әрі қарай оны күтіп-ұстау, пайдалану да әкімдік қузырына беріледі.

– Бұл шынымен де құптарлық іс болды, жергілікті кәсіподақ ұйымдарының, халықтың ұсынысын қабыл алып, осындай шешімге келдік. Тоғыз жолдың торабы саналатын, бүкіл Одаққа танымал Мақатта шағын футбол алаңының бой көтеруі теміржолшылардың абыройын көтереді және өңірде бұқаралық спорттың дамуына септігін тигізеді деп сенеміз, – деді Салалық кәсіподақ төрағасы Орағали Ахметбаев.

Суретті түсірген автор

БДИТЕЛЬНОСТЬ И ОСТОРОЖНОСТЬ

За семь месяцев текущего года на объектах инфраструктуры АО «НК «ҚТЖ» зарегистрировано 12 наездов на людей. Из них 8 завершились летальным исходом. В десяти случаях пострадавшие пересекали железнодорожные пути в неустановленных местах, перед приближающим поездом. Один случай – суицид. Еще в одном – человек слушал музыку в наушниках, находясь на железнодорожных путях.

Машинисты поездов за период с января по июль применили 118 экстренных торможений для предотвращения трагедий на железной дороге. В том числе свыше 30 раз на станциях, 80 – на перегонах.

На железнодорожных переездах за семь месяцев 2022 года допущено 16 дорожно-транспортных происшествий. Все столкновения автомобиля с локомотивом происходят по вине

водителей автотранспортных средств.

АО «НК «ҚТЖ» напоминает о необходимости строго соблюдать правила безопасности на железнодорожном транспорте. Скорость движения поездов достигает

120-140 километров в час, длина тормозного пути – более 800-1 000 метров, поэтому мгновенно остановить поезд не в силах локомотивных бригад. Нужно помнить, что у поезда четко определенный путь, свернуть с него или объехать препятствия он не может.

Железнодорожники на станциях, в местах массового несанкционированного перехода пути проводят рейды совместно с сотрудниками линейного отделения транспортной полиции. Разъясняют правила безопасности жителям районов, расположенных вблизи железной дороги.

Алуа ТЛЕУБАЙ

КОНТЕЙНЕРЛІК ТРАНЗИТТЕ ӨСІМ БАР

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



«ҚТЖ-Жүк тасымалы» Батыс филиалында контейнерлік пойыздар жүрісі жіті қадағаланады. Соңғы жеті айда Ақтөбе теміржолы арқылы 1514 контейнерлік пойыз өткен. Ал Оралдан 456 контейнерлік пойыз жөнелтілген.



Жалпы, Батыс аймақта контейнерлік пойыздар транзиті бойынша өткен 7 айдың ішінде қол жеткен жетістіктер жоқ емес. Тоғыз жолдың торабында тұрған Ақтөбе жүк тасымалы бөлімшесі көршілес елдер арасындағы жүк дәлізі мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып отыр. Ақтөбе бөлімшесінде контейнерлік пойыздардың маршрут жылдамдығы тәулігіне 1048 шақырымды құрады. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда 11% жақсарды деген сөз.

«Ауыр салмақты пойыздарды құрастырып жолға шығару, жылжымалы құрамды кідіріссіз жөнелту бойынша қолға алынған тәсілдер оң нәтиже берді», – дейді техникалық бөлімнің жетекші инженері Әлия Абдулина.

Батыс аймақтық жүк тасымалына қарасты техникалық бөлім мамандарының айтуынша, ұзын контейнерлік пойыздар маршрут жылдамдығына кедергі келтіреді. Батыс аумағынан өткен мұндай пойыздар саны 766-ға жетеді. Оның 208-і қос пойыз. 2021 жылғы өңірден 869 ұзынқұрамды пойыздар өтсе, 2022 жылдың жеті айдағы көрсеткіші бойынша 766 пойызды құрап отыр.


«Қытай-Еуропа-Қытай» бағытындағы контейнерлік пойыздардың бағдарлық жылдамдығын арттыру жұмыстары оң нәтиже беруде. Контейнерлік пойыздардың жол үстінде аялдауы, локомотив бригадаларының алмасуы, локомотивтерді ауыстыру және техникалық бақылау жүргізу уақыттары қысқартылған. Және олардың аймақтан көп кідірмей өтуіне қатысты барлық шаралар қарастырылған.

Сонымен қатар, контейнерлік пойыздардың жылдамдығын арттыруға негізделген жұмыстарға да басымдық берілуде.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖЕҢУ – МІНДЕТ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда



Қызылорда темір жолында «Аманат» партиясы Теміржол филиалының ұйымдастыруымен «Жемқорлықты қалай жеңеміз?» деген тақырыпта кеңейтілген жиын өтті.



Жиынға Қызылорда теміржол бөлімшесіне қарасты мекемелердің басшылары, БПҰ төрағалары, белсенді партия мүшелері мен теміржолшылар қатысты.

Партияның Теміржол филиалының атқарушы хатшысы Базара Танбаева жиынның мақсатымен таныстырып, теміржолшылар үшін жемқорлықпен күрес ең басты міндеттердің бірі екеніне тоқталды. Магистральдық желі бөлімшесінің басшысы Ибрагим Басықараев, Жүк тасымалы қосалқы бөлімінің бас инженері Құлхан Белкібаев сөз алып, жемқорлыққа қарсы ҚТЖ басшылығы тарапынан берілген тапсырмалармен таныстырып, жағымсыз құбылысқа қарсы күресте бірлесіп жұмыс жасауға шақырды.

Жиынға арнайы шақырылған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы Мұрат Ысқақов, Қызылорда станциясы желілік полиция бөлімінің полиция майоры Бағдат Маханов осы бағытта құқық қорғау органдарының жасап жатқан жұмыстарын ортаға салды. Сонымен қатар қоғамда сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру, этикалық нормаларды бұзуға әкелетін және жемқорлық құбылыстарын туындататын жағдайлардың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Теміржолшылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылған жиында сөз алғандар әрбір адам өзі өзінен бастап, кез келген құқықбұзушылыққа қарсы тұрып, оны болдырмауға тырысса, жемқорлық деген жегі құртты женуге болады деген қорытынды жасады.

Суретті түсірген автор

ТҮБЕК ТЕМІР ЖОЛЫ ЖАҢАРЫП ЖАТЫР



Маңғыстау темір жолында күрделі жөндеу биыл қарқынды жүруде. Биылғы жоспардың жартысынан астамы орындалды. Күрделі жөндеу жұмысын «Теміржол жөндеу» компаниясының ПМС-Ақтөбе мекемесі қолға алған.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Жалпы, биылғы жоспарланған жеке 72,6 шақырым болса, қазір соның 45,462 шақырымында күрделі жөндеу жасалып бітті. Жөндеу жұмыстары наурыз айының ортасында басталған. 2 маусымға дейін №3 бекет-Үстірт-5 бекеттердің 74-103 км аралығындағы 28,650 шақырым жол жөндеуден өтті. Аталған телімде осыған дейін пойыздар жылдамдығы сағатына 60/50 шақырым болса, жөндеуден кейінгі жылдамдық 100/80 шақырымға дейін көтерілді.

Күрделі жөндеу барысында телімдегі ескі ағаш шпалдар темірбетонды шпалға ауыстырылып, ұзын бунақтар салынды. – Жөндеу жұмыстарының екінші кезеңі 21 маусымда басталды. Содан бері №14-15 бекеттері арасындағы 19,292 шақырым жолды жаңарттық. Негізгі жоспар 22,0 шақырым болатын. Бұл жолдарға ұзындығы 725 метрлік 32



бунақ төселеді. Жұмыстар толық аяқталғасын аталған бұл телімде де қозғалыс жылдамдығын сағатына 100/80 шақырымға дейін жеткізуге болады. Осыған дейінгі жылдамдық сағатына 70/60 км құрайтын, – дейді күрделі жөндеу туралы ақпарат берген Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің инженері Ерлан Аманжолов.

Айтуынша, жыл соңына дейін тағы да 22 шақырым жол күрделі жөндеуден өткізіледі. Ол – №16-Тамақ бекеттерінің 377-398 км аралығындағы жолдар. Бұл телімде де бүгінде пойыздар 70-60 км/сағатпен жүріп жатыр. Күрделі жөндеуден соң жылдамдық 100/80 км/сағатқа дейін артады деп күтілуде.

Бүгінде күрделі жөндеуге алпыс

адам жұмылдырылған. Негізгі жұмысты жүргізіп жатқан ПМС-Ақтөбе – осы салаға маманданған мекеме болғандықтан сапасы күмән тудырмайды. Жұмысқа ВПО, ЭЛБ, МПД, Автогрейдер, Трактор, ПРБ, Дуомат USP, т.б. техникалар тартылған. Түбек темір жолы осылай кезең-кезеңмен жаңарып жатыр...

Суретті түсірген автор

Сараптама

Еуразия құрлығының орталық бөлігінде орналасқан Қазақстан Орталық Азия мен Еуропа елдері арасындағы көлік-транзиттік қатынаста жетекші рөл атқарады. Әсіресе, тілі мен дәстүрі жақын Орталық Азия елдерімен ынтымақтастықты күшейтіп, бірлікті нығайтуға мемлекетіміз айрықша мүдделі. Бұл ықылас-ниетті Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жақында қырғыздың Шолпан-ата қаласында өткен Консультативтік кездесуде айқын байқатты.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ОРТАҚ МҮДДЕГЕ БІРІГЕ МЕ?



Қазақстан басшысы қазіргі уақытта Орталық Азиядағы ынтымақтастық жаңа сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отырғанын, дегенмен ергелі-кеш күрделі геосаяси қайшылықтар кезеңі аяқталатынын, Орталық Азияның маңызды миссиясы – жаһандық саясат пен экономиканың бәсекелесуші полостері арасында дәнекер болуы керектігін атап өтті. Және де ортақ мүдделерді ескере отырып, бес іргелі міндетті шешуге мән беруді ұсынды. Соның үшіншісі сауда-экономикалық байланысты нығайтып, осы бағытта бірлесіп әрекет етуге арналды.

Көпжақты ықпалдастықтың берік экономикалық базасын құру – өзекті мәселе, кейінгі жылдары бұл бағытта едәуір жетістіктер бар екені байқалып отыр. Мәселен, соңғы 5 жылда Қазақстан мен Орталық Азия елдері арасындағы тауар айналымы 42 пайызға артып, 6,3 миллиард долларға жеткен. Өзара сауданы кеңейту үшін зор мүмкіндіктер бар. Егер оны тиімді пайдалана алсақ, бұл көрсеткішті 2 еседен асырып, яғни 15 миллиард долларға дейін жеткізуге болады. Ол үшін экономикалық әлеуетіміз бен тиімді географиялық орналасуымызды толыққанды пайдалануға мүмкіндік беретін құрылымдық және инфрақұрылымдық шектеулерді жоюды көздейтін тығыз ықпалдастық орнату қажеттігін, ол үшін шекаралық сауда-экономикалық хабтар желісін құруға бағытталған нақты шаралар қабылдаған жөн. Бұл Орталық Азия елдерінің бірыңғай тауар өткізу жүйесіне тірек болып, оны одан әрі кеңейте түспек.

«Қазақстан қазірдің өзінде бұл бағытта қырғыз және өзбек серіктестерімен бірге нақты қадамдар жасап жатыр. Атап айтқанда, қазақ-өзбек шекарасында «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығының жобасы, ал қазақ-қырғыз шекарасында Индустриялық сауда-логистикалық кешен жүзеге асырылуда. Тәжікстанмен көтерме сауда-тарату орталығын құру ту-

ралы келісім бар, Түркіменстанмен астық терминалын салуды жоспарлап отырмыз. Бұл жобалар өзара сауда айналымының көлемін арттыруда ортақ мүддемізге сай және Еуразиялық экономикалық одақ нарығы мен өзге де елдерге экспортқа шығаруға мүмкіндік береді. Қалыптасқан дәстүрлі тәсілдерден бөлек тауарды экспортқа шығарудың заманауи жолдарын кеңірек пайдалану қажет. Атап айтқанда, жүйедегі барлық жерде болған шектеулер мен локауандар электронды коммерцияны дамытудың аса қажет екенін көрсетті», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



СОҢҒЫ 5 ЖЫЛДА ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ТАУАР АЙНАЛЫМЫ 42 ПАЙЫЗҒА АРТЫП, 6,3 МИЛЛИАРД ДОЛЛАРҒА ЖЕТКЕН.

Қазақстан Республикасының Президенті іргелі міндеттер қатарында аймақтың көлік байланысын арттырып, транзитке жағдай жасау керектігіне басымдық берді.

«Жаңа геосаяси жағдайда трансконтинентальдық сауданы дамытуда және ілгерілетуде біздің аймақтың рөлі едәуір артады. Осы ретте Қазақстан Транскаспий халықаралық көлік бағытын белсенді түрде дамытып отыр. Бұл бағыттағы контейнер тасымалы 2017 жылдан бері 3 есеге, яғни 25 мыңға дейін өсті. Бұдан бөлек, Қазақстан «Мазари – Шариф – Кабул – Пешевар» бағытындағы теміржол құрылысына атсалысуға әзір. Нақты айтқанда, теміржол құрылысына

қажетті материалдармен қамтамасыз етіп, вагондар ұсына аламыз. Өз тарапымыздан серіктестерімізді Шығыс Азия мен Парсы шығанағы елдерін байланыстыратын ең қысқа бағыт «Қазақстан – Түркіменстан – Иран» теміржолын белсенді пайдалануға шақырамыз», – деді Қазақстан басшысы.

Ол маусым айында Иранға сапары барысында алғашқы контейнерлік пойыз Қазақстаннан Түркіменстан, Иран арқылы Түркияға жөнелтіліп, бұл жаңа логистикалық шешім 6 мың шақырымнан астам жолды 12 күнде жүріп өтуге мүмкіндік бергенін атап өтті. Сондай-ақ Қазақстанның Ақтау және Құрық порттары Таяу Шығыс пен Еуропа елдерінің нарығына шығуға септігін тигізетінін жеткізді. Оған Түркіменстандағы Түркіменбашы порты инфрақұрылымының табысты дамып келе жатқаны да оң әсер етпек.

Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия елдерінің өз арасында көлік коммуникациясын дамытудың да аса маңыздылығына тоқталды. Қазақстан бұл бағытта Өзбекстанмен белсенді түрде ынтымақтастық орнатқан. Мәселен, «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол желісінің келешекте іске қосылуы, пойыздарды өткізу әлеуетін 2 есе арттырып, жүк тасымалдау мерзімін 1,5 есе қысқартуға мүмкіндік бермек. 2025 жылдан бастап «Жаңаөзен – Түркіменстан шекарасы» автожолын қайта салу жоспарланып отыр. Бұл бағыттағы жұмыстарды үйлестіру көлік-логистика саласындағы жобалардың тиімділігін арттыра түсері сөзсіз. Ол үшін кеңеске қатысқан мемлекеттердің үкіметтері транзиттік тасымалдар үшін тариф саясатын оңтайландыруы және әкімшілік рәсімдерді жеңілдету мәселелері бойынша тығыз ықпалдастық орнатуы қажет. Орталық Азия елдері ортақ мүддеде біріге ала ма? Ол – уақыт еншісіндегі мәселе.

Дайындаған Сұлутұл БАКЕСОВА
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

НАША ОБЩАЯ СУДЬБА – ЖЕЛЕЗНАЯ ДОРОГА



ЮБИЛЕЙ

Акмолинское отделение магистральной сети (НЖС-1) отметило 20-летний юбилей. 7 июня 2002 года создан филиал ЗАО «НК «КТЖ» – «Акмолинское отделение магистральной железнодорожной сети». Эту дату можно считать днем рождения отделения.

Айлин БАУРЖАН,
Нур-Султан

Отделение расположено на территории трех областей: Акмолинская, Северо-Казахстанская, Костанайская, и обслуживает устройства пути, сигнализации и связи, устройства электроснабжения в семи направлениях: Кокшетау – Петропавловск, Кокшетау – Зерновоя, Кокшетау – Кызылту, Кокшетау – Нур-Султан, Нур-Султан – Есиль, Нур-Султан – Ерейментау и Нур-Султан – Анар.

Границы НЖС-1 включают в себя 64 железнодорожные станции, 57 из которых оборудованы электрической централизацией, на которых расположены 2 323 стрелочных перевода, развешенная длина главных путей составляет 2 705 километров, 113 железнодорожных переездов, автоблокировкой оборудовано 1 233 километра, развешенная длина контактной сети составляет 3 189 километров.

Изначально в состав собственного хозяйства отделения входили три восстановительных и пять пожарных поездов, а также в оперативное подчинение было закреплено пять дистанций пути – Новошымская, Кокшетауская, Курорт-Боровская, Астанинская, Атбасарская, пять дистанций сигнализации и связи – Новошымская, Кокшетауская, Курорт-Боровская, Астанинская, Атбасарская, три дистанции электроснабжения – Кокшетауская, Астанинская, Атбасарская.

– На сегодняшний день состав предприятий, курируемых отделением, значительно расширился и составляет 31 структурное подразделение общей штатной численностью 6 707 единиц. К первоначальному списку добавились базы материально-технического снабжения, вокзальное хозяйство, рельсоварочное предприятие станции Курорт-Боровое, Путевая механизированная дистанция пути ПЧМ Сороковая, Дистанция защитных лесонасаждений, лаборатории ЦШЛ и ЦЛП, Центральная станция связи, – поделился директор филиала АО «НК «КТЖ» – «Акмолинское отделение магистральной сети» Сабит Рамазанов.

Первым руководителем отделения являлся Ураз Сарсекеев, который славился своим профессионализмом и ответственностью. Многие проблемы, связанные с формированием хозяйства и последующей его деятельностью, он решал благодаря своим деловым качествам. Еще одной яркой личностью предприятия был главный инженер – Урик Дюсебаев.

Отделение является кузницей кадров, в том числе действующего руководящего состава компании. К примеру, на разных этапах в ру-



ководящий состав отделения входили Жанат Кашкимбаев, Айдос Майкыбеков, Ерлан Кизатов, Артур Кизатов, Жанибек Тайжанов, Нурлан Мусабаев, Сабит Рамазанов и другие.

Многое было сделано за прошедшие годы, но были и грустные моменты в жизни предприятия – тяжело с моральной точки зрения происходил перевод участка Кокшетау-2 – Кызылту в разряд малодетальных с демонтажем электрической централизации. Необходимо было повышать производительность труда и эффективность

управления перевозочным процессом, в связи с чем была проведена оптимизация Курорт-Боровской дистанции пути ПЧ-16. В тоже время за годы деятельности отделения была образована Жана-Есильская дистанция электроснабжения ЭЧ-7 с административным центром на станции Жана-Есиль. Передача в состав НЖС-1 вокзального хозяйства позволила повысить уровень сервиса и удовлетворенности пассажиров, обеспечить стабильное функционирование комплекса вокзалов, наладить обеспечение требований законодательства в области санитарно-бытовых условий, особенно в условиях пандемии коронавируса.

К слову, Акмолинское отделение всегда выде-

лялось своими успехами. Ранее НЖС-1 неоднократно становились победителями отраслевого соревнования, в том числе и по итогам 2021 года заняв 1-е место.

– Конечно, основным предметом деятельности Акмолинского отделения магистральной сети как и других 13 отделений является оказание услуг магистральной железнодорожной сети, путем содержания в технически исправном состоянии путей и сооружений, устройств автоматики, телемеханики и связи, электроснабжения, восстановительных и пожарных поездов, – отметил Сабит Рамазанов.

Таким образом обеспечивается удовлетворение потребностей народного хозяйства в обеспечении перевозок грузов и пассажиров. За каждым значительным событием или памятной датой – будь то строительство новых путей и вокзального комплекса Нурлы-Жол, капитальный ремонт и оздоровление путей и сооружений, внедрение нового оборудования в системах электрической централизации, средств контроля или электроснабжения стоят главные герои – это труженики стальной магистрали.

Вот и на текущем этапе проводятся серьезные изменения в системе организации управления перевозочным процессом путем создания Северного регионального центра управления движением поездов РЦУП с центром дислокации в городе Нур-Султане. В данный центр войдут диспетчерские аппараты поездных диспетчеров Акмолинского, Карагандинского, Павлодарского, Костанайского отделений. Эта работа является одним из этапов цифровизации АО «НК «КТЖ».

Фото автора

НА СЕГОДНЯШНИЙ ДЕНЬ СОСТАВ ПРЕДПРИЯТИЙ, КУРИРУЕМЫХ ОТДЕЛЕНИЕМ, ЗНАЧИТЕЛЬНО РАСШИРИЛСЯ И ВКЛЮЧАЕТ 31 СТРУКТУРНОЕ ПОДРАЗДЕЛЕНИЕ.

НОВЫЕ ОБЪЕМЫ, НОВЫЕ РЕКОРДЫ



ПЕРЕВОЗКИ

Объемы контейнерных перевозок в Костанайском регионе растут рекордными темпами.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как сообщил заместитель начальника отдела логистики филиала ТОО «КТЖ» – «Грузовые перевозки» Кенес Дюсекеев, по Костанайскому отделению ГП за семь месяцев текущего года погружено грузов общим весом 116 222 тонны в 3 924 контейнерах, 2 419 фитинговых платформ, сформировано 62 маршрута.

Для сравнения: к аналогичному периоду прошлого года погрузка в контейнерах увеличена на 3 196 контейнеров, или на 439%. Так, за семь месяцев 2021 года погружено 546 фитинговых платформ, 22 069 тонн в 728 контейнерах, 14 организованных маршрутов.

– Как наглядно показывают цифры, в этом году нам удалось существенно увеличить объемы контейнерных перевозок, – говорит Кенес Дюсекеев. – Но, уверенны, это не предел, и в будущем мы будем еще больше наращивать объемы контейнерных перевозок.

Если говорить о номенклатуре перевозимых в контейнерах грузов, то это асбест, отгружаемый со станции Житикара грузоотправителем АО «Костанайские Минералы». Всего отсюда за семь последних месяцев отгружена 101 фитинговая платформа, 5 971 тонна в 202 контейнерах, назначением Дюстык – Китай (один организованный маршрут), Дюстык, далее Вьетнам (один организованный маршрут), Литва, далее



Индонезия (один организованный маршрут). Также из Костанайского региона отгружено и отправлено за границу зерновых культур – 705 фитинговых платформ, 36 156 тонн в 1 217 контейнерах, из которых создано 15 организованных маршрутов. А также продуктов перемолы – 1 613 фитинговых платформ, 74 095 тонн в 2 505 контейнерах, из которых сформировано 45 организованных маршрутов.

Фото автора

ПРИЕЗЖАЙТЕ КАЖДЫЙ ГОД!



МЕДПОЕЗД

За период с 23 июля по 9 августа специализированный медицинский поезд «Жәрдем» посетил девять станций Западно-Казахстанской области. К прибывшим специалистам было почти 20 тысяч обращений. Сельчане просят врачей проекта приезжать каждый год.

Анна МАРЬИНА,
Уральск

В Уральском регионе врачи консультативно-диагностического поезда «Жәрдем» осмотрели 5 721 житель, в том числе 4 122 взрослых и 1 599 детей. Всего зарегистрировано 19 793 посещения.

– Среди взрослого населения выявлены частые случаи таких заболеваний, как варикоз, артроз, хронический ринит, гипертрофия аденоидов, холецистит, панкреатит, артериальная гипертония, аллергия (поллиноз), дерматит, катаракта. У детей чаще наблюдаются миопия, аллергический ринит, аллергический дерматит, – рассказала главный врач медпоезда «Жәрдем» Айнур Егинбаева.

Во время приема специалистами проводятся осмотры населения,



оказывается бесплатная медицинская помощь, нуждающиеся в долгосрочном стационарном лечении направляются в ближайшие медучреждения. Местные жители зачастую приезжают из близлежащих поселков, чтобы получить консультации и пройти

обследования у узких специалистов. – Спасибо большое вам, добрались до нашего поселка и помогаете с лечением. Мы получили ценные рекомендации от врачей, смогли посетить необходимых специалистов, – поделился аксакал Ибатулла Бижанов.

Фото автора

ВСЯ ИСТОРИЯ НА ЛЕНТЕ

Светлана МОГАЙ,
Караганда



В ТРУДОВОМ РИТМЕ

В отделе расшифровки Карагандинского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-14) работы непочатый край. Ежедневно инженеры-расшифровщики кропотливо изучают до 80 скоростемерных лент и кассет локомотивов на предмет безопасности.



По словам начальника отдела Ларисы Ткаченко, на сегодняшний день есть поезда, оборудованные скоростемерами, а есть более современные с новыми устройствами безопасности – кассетами регистрации. В последнем случае запись осуществляется в электронном формате, после чего производится расшифровка на стационарных компьютерах. Таким образом, выявляются нарушения машинистов в пути следования, в том числе превышение установленных скоростей движения, остановка поезда перед путевым сигналом с запрещающим показанием с применением полного служебного или экстренного торможения, отсутствие опробования тормозов или нарушения порядка проверки их действия в пути следования, следование без контрольной проверки тормозов и другое.

– Расшифрованные без нарушений скоростемерные ленты хранятся в депо в течение 30 дней. А ленты, по которым производились служебные расследования или были выявлены случаи нарушения безопасности движения, – в течение года с момента расшифровки. Кроме того, о нарушениях, выявленных в ходе изучения, мы сообщаем машинистам-инструкторам, чтобы они с локомотивной бригадой произвели разбор. Хочется отметить, что в последнее время грубых нарушений со стороны наших работников зафиксировано не было, – рассказала Лариса Ткаченко. – Это говорит об их мастерстве и профессионализме. Прежде чем машинист выйдет самостоятельно в рейс, он должен пройти обучение в специальной железнодорожно-технической школе, после чего пройти практику с обкаточной бригадой под руководством опытного наставника. И лишь потом приступить к работе.

Вождение локомотивов – очень ответственная профессия. Перед выездом машинист обязательно должен проверить свой локомотив: автосцепку, тормоза, толщину колодок, пружины, буфсы, правильность регулировки воздухораспределителя. Обычно перед рейсом он внимательно изучает наличие пломб на топливном баке и агрегатах, правильность открытия ручек. Все это – залог безаварийной поездки. Вместе с помощником машиниста он получает предрейсовый инструктаж, а затем уже документы на рейс.

В настоящее время общая численность машинистов в депо – 500 человек, столько же помощников машинистов. Локомотивные бригады пассажирских и грузовых поездов следуют строго по графику.

Всего в отделе расшифровки ТЧЭ-14 трудятся девять человек. Коллектив сплоченный и дружный. За последние годы он пополнился новичками.

– Нашей специальности нигде не обучают, поэтому вновь прибывшим сотрудникам приходится стажироваться на месте. Через месяц они должны сдать экзамен на профпригодность и лишь потом приступить к работе. Благодаря нашим специалистам новички благополучно проходят обучение, после чего заменяют сотрудников, ушедших на заслуженный отдых, – резюмирует Лариса Ткаченко.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЖУМАТАЕВ ЖАКСЫЛЫК ТУЛЕУОВИЧ

13 августа 2022 года в результате ДТП погиб Почетный железнодорожник, директор департамента безопасности движения ТОО «КТЖ» – Грузовые перевозки» Жаксылык Тулеуович Жуматаев.

Коллектив и профсоюз ТОО «КТЖ» – Грузовые перевозки» выражают искренние соболезнования его родным и близким.

Жаксылык Тулеуович родился 28 августа 1959 года. Он выпускник Алматинского института инженеров железнодорожного транспорта и Карагандинского государственного университета имени Е. А. Букетова. Около 45 лет жизни посвятил стальной магистрали.

Трудовую деятельность начал в 1977 году учеником слесаря на Алма-Атинской железной дороге. Прошел путь от рабочего до руководителя. Работал машинистом тепловоза, поездным диспетчером, начальником станции Целинной железной дороги, дежурным по станции Карагандинского отделения перевозок. В разное время занимал посты первого заместителя директора Карагандинского отделения перевозок, директора департамента филиала АО «НК «КТЖ» – «Дирекция перевозочного процесса». С 2019 года – директор департамента безопасности движения ТОО «КТЖ» – Грузовые перевозки». Находясь на этих постах, Жаксылык Тулеуович внес значительный вклад в развитие железной дороги. Его труд отмечен отраслевыми наградами. Среди них – высшая награда железной дороги – знак «Почетный железнодорожник».

Грамотный руководитель, мудрый наставник, профессионал отрасли – так о нем отзывались коллеги и руководители. Всегда можно было положиться на его огромный опыт и знания, принципиальность и прямолинейность. Коллеги глубоко уважали его за профессионализм, требовательность и целеустремленность.

Добрая и светлая память о Жаксылыке Тулеуовиче навсегда останется в сердцах коллег.



К ШКОЛЕ ГОТОВЫ



Волонтеры АО «КТЖ» традиционно в последний летний месяц запустили благотворительную акцию «Соберем детей в школу».



Напомним, акция является ежегодной и направлена на поддержку многодетных семей работников, воспитывающих троих и более детей школьного возраста, которые проживают на разъездах и станциях, 3, 4, 5-х классов.

Благодаря благотворительной акции 1 650 многодетных семей сотрудников компании, из которых работают в ЦЖС – 1 151, в ГП – 499, к 1 сентября получат необходимые наборы школьных принадлежностей.

Также, к 1 сентября – ко Дню семьи будет оказана материальная помощь в размере 4 МРП (12 720 тенге) многодетным семьям работников компании, имеющих четырех и более детей (до 18 лет), и работникам, в одиночку воспитывающим двух и более детей. Отметим, благотворительная акция «Соберем детей в школу» проводится компанией не первый год при поддержке профсоюза и АО «ОТЛК ЕРА».

Алуа ТЛЕУБАЙ, Нур-Султан

Как живешь, станция?

ПЕРЕМЕНЫ К ЛУЧШЕМУ

До конца года станция Кокпекты (бывшая Солонички) будет передана городу Караганде. Таким образом, угольная столица пополнится 500 жителями, дополнительными улицами и коммунальной инфраструктурой.



Эта новость не могла не порадовать местных жителей станции и железнодорожников, так как намечаются перемены к лучшему. С их слов, наконец-то будет решена проблема территориально-административной принадлежности узла. На сегодняшний день жилье дома относится к Караганде, к району Алихана Бокейхана, а вся остальная земля числится в Бухар-Жырауском районе.

По словам начальника станции Кокпекты Жасулана Бейсекеева, поселок Солонички находится в 30 километрах к востоку от Караганды. Он был основан в 1945 году, когда шло строительство ветки от Целинограда до Алма-Аты. Станция Солонички пе-

реименована в Кокпекты несколько лет назад. Ей был присвоен третий класс. Ежедневно здесь курсирует 12 скоростных «Тальго», 17 электричек и 40 пассажирских поездов.

Сегодня на железнодорожной станции трудится около 50 человек. Большинство железнодорожников проживает в Караганде. Они говорят, что рады были бы перебраться в Кокпекты, если бы для детей и взрослых были созданы комфортные условия.

Еще одна проблема в поселке – нерегулярная подача питьевой воды. Местные жители нашли выход из положения. Здесь есть несколько родников, к которым люди с тарой приезжают, чтобы набрать чистую воду. Они надеются, что поселок включат

в отраслевую программу «Питьевая вода», рассчитанную до 2030 года. В поселке есть еще одна достопримечательность – небольшое озеро под названием Старица. Даже в сильную жару вода в нем остается прохладной. Местные жители используют ее в лечебных целях. С их слов, после того как окупается в озеро, человек становится сильным и здоровым.

Сельчане выражают надежду, что после того как станцию присоединят к Караганде, жизнь постепенно наладится, и тогда количество семей, желающих переехать в поселок, заметно увеличится.

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

ЕҢБЕК АДАМЫ



Электрмен жабдықтау дистанциясында электромонтер болып еңбек жолын бастаған Әміржан Жұмақов пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуде барлық салаға бірдей жауапкершілік жүктеледі дейді. Дегенмен, теміржол саласын электр қуатымен жабдықтаушылар үшін қауіп-қатер, тәуекел де жоғары деп санайды.



Сексеуіл станциясындағы электрмен жабдықтау аудандық желісінің басшысы Әміржан Жұмақов төңірекке танымал теміржолшы әулеттің өкілі болғандықтан, бұл саланың «жілігің шағып, майын ішкен» нағыз маман.

– Мен, мысалы, теміржолшының баласымын. Теміржолшының баласы теміржолшы боламын деп өседі, өсейді, ер жеткенде бала күннің арманымен осы кәсіптің тұтқасын ұстайды. Себебі бұл отбасындағы теміржолшының пен тәрбиенің әсері, ата-ананың күнделікті тіршілігінің өзі болат жолдың тынысымен астасып жатқандықтан оны көріп, зейінге тоқып өскен біздер осы кәсіпті жалғастыруға ұмтыламыз, осыған бейімделіп өсеміз. Бұл біздің теміржол саласының ерекшелігі болып саналады, – деп пікір білдірді кейіпкеріміз «теміржолшы болу оңай ма?» деген сауалымызға ұзақ ойланады.

Әкесі Бекнияз өмір бойы Қазалы вагон пайдалану депосының Сексеуілдегі қосынында еңбек еткен. 1972 жылы дүниеге келген Әміржан мектепті, одан әрі жоғары оқу орнын бітіріп, ҚазАТК жолдамасымен Шалқар электрмен жабдықтау дистанциясына электромонтер болып еңбек жолын бастайды. Ал 2001-2009 жылдары

Достық станциясында жұмыс істеп, мол тәжірибе жинақтайды. Сексеуіл-Қоскөл жаңа телімінің салынуына байланысты құрылған Қазалы электрмен жабдықтау дистанциясының Сексеуіл станциясындағы аудандық желісіне арнайы шақыртумен ауысады. Міне, содан бері осы электр ауданының жұмысын басқарып келеді. Айтуынша, бұл салада жұмыс істеу үшін жауапкершілікпен қатар сабырлы да сергек сана, зейін қажет. Жеке бастың қауіпсіздігі аса маңызды. Асығыстық пен шалағайлықтың салдары ауыр болуы мүмкін.

– Электрмен жабдықтаушылардың әрқайсысына әр құрылғымен жұмыс істеуі үшін арнайы рұқсатнама беріледі. Онда қандай кернеулі қуат көзімен жұмыс жасауға мүмкіндік берілгендігі көрсетіледі. Жұмыс ретіне қарай жердегі, әуедегі желілермен жұмыс жасау электр мамандарының білім-білігіне, тәжірибесіне қарай сарапталады. Ең бастысы, электрлік болу үшін екі зарядты желіні анық ажырата алатын маман, жұмысқа ынталы зерде, көргенін жадына тоқи білетін қабілет иесі болуы керек. Өзге салада кез келген адам атқаратын жұмыстар секілді жалпылық

сипат электрмен жабдықтау саласына жат, сондықтан бізде тек арнайы маман иелері жұмыс істейді. Мен әрбір әріптесімнің тәуекелге толы әр күні сәтті болып, үйіне аман-есен оралғанын тілеп жүремін, – дейді Сексеуіл электрмен жабдықтау желісінің басшысы Әміржан.

Сексеуіл мен Қамыстыбас станциялары аралығында желілердегі электр қуатының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етушілер тәулік бойы қырағы да сергек. Олардың жұмысын басқарып жүргізіп отырған Әміржан Бекниязұлының жұмысты ұйымдастыру қабілетін дистанция басшылығы жоғары бағалайды. Желі бойындағы әр құрылғының қанша кернеумен жұмыс жасайтынын күн сайын қайталап, әріптестерінің құлағына құйып отырудан жалықпайтын басшы осындай болса керек. Сондықтан болар, биылғы кәсіби мерекеде «Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталған Әміржан Жұмақовтың қуанышына ортақ болып, елдің алдымен құттықтаған оның өз ұжымы, жанындағы бір-біріне тілеулес жігіттер, әріптестері болды.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда
Суретті түсірген автор

Спорт

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТРИАТЛОНДА

Елордада өткен беделді спорттық жарыстардың бірі Ironman триатлон сериясының VI Group Ironman 70.3 Astana жарысына теміржолшылар да қатысты. Әлемнің 75 елінен келген 112 эстафеталық команда арасында «КТЖ» ҰК» АҚ бас инженері Батыр Қотырев бастаған 5 теміржолшы да бақ сынады.



Халықаралық спорт додасына әлем елдерінен келген 2200 әуесқой триатлоншы қатысты. Соның ішінде 1400 спортшы «жартылай», 800-дей «толық» қашықтықты бағындырды. Олардың ең жасы 18 жасар үндістандық болса, ең үлкені 72 жастағы ресейлік және германиялық спортшылар болды. Қазақстандық қатысушылардың арасында теміржолшылармен қатар танымал әншілер және еліміздің белгілі спортшылары болды. Шараның ашылу салтанатына қатысқан ҚР Мәдениет және спорт министрі Д.Абаев, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көлгінов және VI Group директорлар кеңесінің төрағасы А.Рахымбаев стартқа жиналған триатлеттерге еттілік тіледі.

– Триатлонда әрбір жарыс үзіліссіз өтетін үш кезеңнен тұрды: 3,86 км жүзу, 180,25 км велосипедпен жүріп өту және 42,195 км марафондық жүгіру. Ironman 70.3 сериясының жарыстары екі есе қысқартылған қашықтықты қарастырды. 1,9 км жүзу, велосипедтік бөйге – 90 км, 21,1 км жүгіру. Мен өз кезегімде Ironman 70.3 қашықтығы бойынша 5:46:10 минут көрсеткішке жеттім. Осындай халықаралық ауқымдағы өте маңызды спорттық шараға қатысуға мүмкіндік берген барлық ұйымдастырушыларға, еріктілер мен қала әкімдігіне алғыс айтамын, – деді Батыр Қотырев.

Сонымен триатлон қорытындысы бойынша Люксембургтен келген Godard Olivier ерлер арасында «темір» қашықтықтың «жартысы» еңсеріп, 3 сағат 59 минутта бірінші келді, екінші болып ресейлік

Богдан Коваленко 4 сағатта, үшінші болып Алексей Никулин 4 сағат 10 минутта мәреге жетті.

– Танертең ерте 1,9 км жүздік. Судан шыққаннан кейін 90 км велосипед тептік, сосын 21 км жаяу жүгіруге қатыстық. Алдыңға екі кезең жақсы өтті, жүгіруге келгенде күн ысы бастады да, сәл қиындау тиді. Сонда да бар күш-жігерімізді жұмсап, орта жолдан тоқтамай, барлық кезеңді ойдағыдай аяқтадық, – дейді триатлонға қатысушылардың бірі «КТЖ» ҰК» АҚ Техникалық саясат департаментінің бас менеджері Сағат Қабиев.

Әйелдер арасында мәреге бірінші болып түркиялық спортшы қыз – Sayar Sera 4 сағат 35 минутта, екінші – ресейлік Инна Цыганок-Тутукина 4 сағат 36 минутта, үшінші Дина Шаймерденова жеткен. Триатлон соңында әр жас тобының жеңімпаздары анықталып, келесі жылы Финляндияның Лахти қаласына өтетін IRONMAN 70.3 чемпионатына баратын жеңімпаздар белгілі болды.

Ұлан ОРАЗ
Суретті түсірген автор

ДОСТОПРИМЕЧАТЕЛЬНОСТЬ ДЕПО

В Павлодарском эксплуатационном локомотивном депо появилась своя достопримечательность – копия товарного паровоза серии Ов (Овечкин).

Мини-версия установлена на территории предприятия, расположенного напротив Музея воинской славы. Это первый малоомощный товарный паровоз серии «Ов». В 1924 году локомотив впервые привез на местную станцию 500 тонн груза. Произведение искусства своими руками сделал помощник электровоза Жанат Сейтов.

– На сборку ушло три месяца, перед началом работы консультировался с людьми из России, которые занимаются этим делом и знают все нюансы. Целый год собирали информацию, – рассказал Жанат Сейтов. – Реальная длина паровоза серии «Ов» – 15 метров. Сократили пропорции в масштабе 1:3. В итоге получилась очень красивая копия. Это результат командной работы.

Открытие достопримечательности прошло в депо торжественно, железнодорожники приурочили его презентацию к 25-летию АО «КТЖ» и 30-летию отраслевого профсоюза.

– Хотел бы выразить отдельную благодарность инициатору идеи – начальнику Павлодарского



эксплуатационного локомотивного депо Алмасу Төлеубаеву за поддержку и координирование проекта, а также маляру – машинисту тепловоза Михаилу Дубгорному, – отметил заместитель начальника по производству Павлодарского эксплуатационного локомотивного депо Ержан Кельдибаев.

Скоро фотографии на фоне новой инсталляции будут практически у каждого местного жителя.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар
Фото Константина ШЕЛКОВА



Қазалы станциясында өткен «Қазкөлкәсіп-2022 шағын футбол лигасының кубогы» турниріне Қызылорда теміржолшының солтүстік аймақтарынан алты команда қатысты.

«Қазкөлкәсіп» ҚБ-ның 30 жылдығына және спорт секторының жылдық жоспарына сәйкес орайластырылып ұйымдастырылған турнир өте қызықты да тартысты өтті. Шиеленіскен ойын ұзаққа созылып, командалар бір-біріне қарымта гол соғып, көпке дейін жеңімпаз команданы анықтау мүмкін болмады. Дегенмен, соңғы таймда Қызылорда локомотив пайдалану депосына қарасты Қазалы айналым депосының «ТД-23» құрама командасының айы оңынан туып, жеңіс тұғырына көтерілді.

– Бұған дейін Қызылордада өткен жарыстарға осы солтүстік аумақтағы мекемелердің командалары қатыса алмағандықтан Қазалы станциясына арнайы келіп ұйымдастырып отырмыз. Ойын барысында



локомотившілер бірінші орынды алса, Әскерлендірілген теміржол күзетінің «ВЖДО» құрамасы мен Қазалы электрмен жабдықтау дистанциясының «ЭЧ-26» командалары 2 және 3 орынның жүзделерін өзара бөлісті, – деді спорт бөлімінің басшысы Бақытжан Имбергенов. Жеңімпаз командалар арнайы

жүзделермен марапатталса, жарысқа қатысқан Қазалы өртке қарсы күрес пойызы мен жол дистанцияларының командалары да құр алақан қалмай, кәсіподақ ұйымы тарапынан әзірленген ынталандыру сыйлығын алды.

Азамат ҚҰЛЫЛЫМБЕТ,
Қазалы
Суретті түсірген автор



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылған қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
А. Шайхынова, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушанова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахиджа Құманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.